

Темірхан Байсырымов атындағы
Құлсары гуманитарлық-техникалық колледжі

Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде
Абай шығармаларының маңызы

Дайындаған: Бисайын А.

Жетекші: Аманқұлова А.

Курстық жұмыстың пәні: Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде Абай шығармаларының маңызы.

Курстық жұмыстың мақсаты: Бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту арқылы адамгершілік жолын және құлықтық тәрбиені қалыптастырудың теориялық негізін анықтау.

Курстық жұмыстың пәні: Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде Абай шығармаларының маңызы.

Курстық жұмыстың мақсаты: Бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту арқылы адамгершілік жолын және құлықтық тәрбиені қалыптастырудың теориялық негізін анықтау.

I.Кіріспе

Білім бастауы – бастауыш мектепке берілетіні айқын.Осыдан да бастауыш мектепте әр түрлі пәндер тоғысып,оқушы білімін дамытып,келбетін сомдауға үлес қосады.Баламен тл тауып оның бойына білім ұрығын себетін басты тұлға ұстаз.

Абай айтқандай–ақ ,білімімен теңессе ғана ұлттар теңеседі.Білім қалай теңеседі?Бірден жауап берейік:оқу-тоқу арқылы білім теңеседі.

“Қазақстан -2030” стратегиялық бағдарламада барлық шәкірттердің сабаққа толық қатысулары,төл оқулықтармен қамтамасыз етілуі,мектептердің компьютерлендірілуі,саналы тәрбие берілуі,ең негізгісі,мемлекетіміздің болашағы болып есептелетін әрбір жас ұрпағымызға білім негіздерін беру басты міндетіміз екені ерекше айтылған.

Жалпы Абай шығармалары жайлы Кәмен Оразалин, Сәбит Мұқанов,А. Жұбанов,М.Базарбаев,Қ.Нұрманов,Т.Әбжанов сынды көрнекті ақын-жазушылар, әдебиеттанушы,философ,ғалымдардың еңбектерінде құнды пікірлер айтылған.

Абай шығармаларын оқытудағы мақсат-бағдарламада көрсетілген оқытудың Абай шығармаларын оқыту,білімді,іскерлікті,дағдыны сол шығарма арқылы меңгерту ,алған білімдерін өмірде пайдалана білуге үйрету және тұлғаларды дамыту. Оқуға қызықтырудың басты элементтерінің бірі-ол нәтижеге жетуге ынталандыру, әрбір шығарманы жан-жақты жете білу,сабақты өту жолдарының ең оңтайлысын іздестіру,әдістемесін жетілдіру.

1.1 Бастауыш сыныпта білім беру мазмұнындағы Абай шығармаларын оқытудың тәрбиелік мәні.

Білім мен тәрбие – егіз. Білім ақылдылыққа үйретсе, тәрбие-адамгершілікке үйретеді.

Әдебиет-жас өспірімдер ұрпақтарға әсер етуші құрал. Көркем әдебиет-әсемдік, әдемілік, сұлулық әлемі, адамның асыл қасиеттер қалыптасады.

Қазақ халқының ұлы ойшыл-ақыны Абай Құнанбаевтың поэтикалық шығармалары ой-пікірлерге толы. Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысана “Атаның баласы болма”, “Жақсы көпке ортақ” деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды.

Данышпан ұлы ақын Абайдың шығармалары философиялық, педагогикалық ойға толы және қай өлеңі мен қара сөзін алсаңыз да өсиет-өнеге, балаларға, жалпы жастарға арналған ақыл-кеңеске толы. Ол өз халқының аңсаған арманы мен үміт тілегін жан тәнімен жырлады.